

4 желтоқсан,
Жұма,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

«ЕЛБАСЫ ЕЛ ЕРТЕҢІ»

Осындай тақырыппен аптаның алғашқы күнінде түстен кейін «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік шара өтті. Айтулы шараның шымылдығы Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің бишілер тобының «Қазақ» биімен түрілді. Одан кейін өнұран шырқалып, Тұңғыш Елбасы күніне арналған бейнебаян көпшілік назарына тарту етілді. Келесі кезекте барша Ойыл жұртшылығын атаулы мерекемен құттықтаған аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауданның өлеуметтік-экономикалық дамуы жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан ер саланың қызмет-керлерін аудан өкімінің алғыс хатымен марапаттады. Мерекелік марапат алғандардың арасында аудандық телекоммуникация саласында ұзақ жыл еңбек еткен Үмбет Жантеков, өңір руханиятына өлшеусіз үлес қосып, ұзақ жылдар бойына кітапхана саласында абыройлы қызмет еткен «Кітапхана ісінің ардагері» төсбелгісін таққан Бибігүл Шындаулетова, ауданның энергетика саласына ұзақ жылдар еңбегін сіңірген Аманжол Абилов, мемлекеттік қызметтегі ұзақ жылғы абыройлы еңбек еткен Берік Бегалин



және ер салада қызмет етіп жүрген жастар да болды. Сондай-ақ, аудан көлемінде қаржы саласы қызмет-керлерінің арасында дауыс беру жолымен анықталып, ең көп дауысқа ие болған Бекенбай Жалғасбай «Жыл қаржыгері» атанды. Мерекелік марапат ері қарай аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты. Аудан өнерпаздары «Елім менің»,

«Айналдым елім», «Елбасының ана-сы», «Елбасы ел бағы» өндерін жанды дауыста шырқап, шараға қатынасушылардың ыстық қошеметіне бөленді. Шара соңында аудандық орталықтандырылған кітапхана ұжымының жинақтаған «Ғасырлар тоғысындағы толғамдар» ғылыми еңбектерін бейнебаян арқылы ұсынды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ҚЫСҚЫ ҚАТЫНАСТА КІДІРІС БОЛМАЙДЫ

«ҚЫСТЫҢ КӨЗІ ҚЫРАУ» дейді ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. КІМ-КІМНІҢ БОЛМАСЫН КӨКЕЙІНДЕГІ СҰРАҚ ҚЫЛЫШЫН СҮЙРЕТІП КІРГЕН БЫЛҒЫ ҚЫСТЫҢ ҚАНАРЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ? АЛАЙДА БҮГІНГІ БАСТЫ САУАЛЫМЫЗ ҚЫСҚЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ МЕН ҚЫСҚЫ ЖОЛ ҚАТЫНАСЫНА ТАС-ТҮЙІН ӨЗІРМІЗ БЕ? БҮЛ САУАЛҒА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ТАНАТ НҰРЫМҒЕРЕВ ЖАУАП БЕРГЕН БОЛАТЫН. ЕНДЕШЕ ТАНАТ ҚАЗБЕКҰЛЫМЕН БОЛҒАН СҰХБАТТЫ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ.



- Алдымен 2020-2021 жылғы күзгі-қысқы жылыту маусымының өту барысы туралы баяндап берсеңіз!

- Ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін аудандағы бюджеттік ұйымдардың жылу беру орталықтарына қажетті 2952,7 тонна қатты отын, 196,6 тонна дизель отыны бекітілген кестеге сәйкес толық тасылып жеткізілді. Аудан өкімінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №270 өкімі негізінде 2020-2021 жылғы жылу беру маусымының басталғаны жарияланды. Жылу беру-ді қосу барысында төмендегідей кезектілік сақталып қосылды:

1) 2020 жылғы 1 қазаннан бастап бөбекжай-бақшалар, емдік мекемелері, жатақханалар;

2) 2020 жылғы 15 қазаннан бастап мектеп мекемелері, басқа оқу орындары, тұрғын үйлер, қонақ үйлер, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттар және басқа ғимараттар. Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі бойынша 2020-2021 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі энергия өндіруші ұйымдардың өзіндік паспорттары уақытылы алынды. Жылыту маусымын, мерекелер кезін қалыпты және қауіпсіз өткізу мақса-

тында жылу орталықтарында басшының бұйрығымен бекітілген кезекшіліктер ұйымдастырылды. Жалпы, жылыту маусымы ауданның барлық бюджеттік ұйымдарында қалыпты режимде өтуде.

- Біздің аудан көгілдір отынның иілігін бірнеше жылдан бері көріп келе жатқаны бәріне аян. Желтоқсан ызғарлы басталды. Сондықтан, ауыл тұрғындарының қатты отынмен қамтамасыз етілуі туралы айтсаңыз.

- Жалпы аудан тұрғындары үшін көмір отынының болжамды қажеттілігі 3140 тоннаны құрап, көмір отынын жеткізу барысында тоннасы 21000-25000 теңге аралығында сатылуда. Ойыл ауылдық округі бойынша 22000 теңге, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша 25000 теңге, Қайыңды ауылдық округі бойынша 21000-23000 теңге аралығында, Саралжын ауылдық округі бойынша 22000 теңге көлемінде жеткізілуде. Ауыл өкімдері тарапынан көмір отыны бағасының негізсіз өсуін болдырмау назарда ұсталып отыр.

- Аудан мен ауылдар арасындағы қысқы қатынас қалай болмақ? Қар тазалау техникалары өзін ме?



- 2020 жылғы аудандық маңыздағы 291,360 километр жалпы пайдаланымындағы автомобиль жолдары қызметін қамтамасыз етуге ашық конкурстармен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде «Univer» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры С.Ахановпен 2020-2022 жылдарға жолдарды күтіп ұстауға 2020 жылғы 27 қаңтарда №2 келісім шарт жасалды. Пайдаланылып отырған техника-ларының саны: 6 дана.

Қыс айларында аудандық маңыздағы автокөлік жолдарында қар басу қауіпі бар 7 уәскас 30 километр қашықтық анықталып, белгіленгенді. Нақтырақ айтсақ, Ойыл-Қараой автокөлік жолының 4-13 км; 33-35 км; 45-49 км; 63-69 км аралықтары жалпы ұзындығы 21 шақырым. Көптоғай ауылына кіреберіс автокөлік жолының 20-21 км, 25-26 км аралығы жалпы ұзындығы 2 шақырым. Қайыңды ауылына кіреберіс автокөлік жолының 8-15 км аралығы, жалпы ұзындығы 7 шақырым. Қажетті жанар-жағар май мердігер мекеме арқылы қамтамасыз етіледі. Қолайсыз ауа райында дала-да қалған жағдайда 101 және 112 телефон номерлеріне хабарласу керектігі аудан тұрғындарына ескертіледі.

Сондай-ақ, әр ауылдық округ жолдарында қар ұстау қауіпі бар аймақтарға қолда бар материалдармен (тал, қамыс, ши т.б.) қар тоқтатуға қалқан жасақталды.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

БІРЛЕСКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА БҮКІЛ ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫРҒАН ПАНДЕМИЯМЕН КҮРЕС ЖОЛДАРЫН, ОНЫҢ ЕЛІМІЗГЕ АЛЫП КЕЛГЕН ЗАРДАБЫ МЕН ӨЗГЕРІСТЕРІН АЙТА КЕЛІП, ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНА, ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ МЕН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН, ХАЛЫМЫЗДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӨМІРІН САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРҒА БАСА НАЗАР АУДАРУ КЕРЕКТІГІН АТАП КӨРСЕТТІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІНІҢ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕКТІГІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫН ТАПСЫРДЫ. ОНЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ БІЗГЕ МӘЛІМ. ПАНДЕМИЯНЫҢ ӨРШІГЕН УАҚЫТЫНДА ӨЗ ӨМІРІН ҚАУІПКЕ ТІГІП, АЛДЫҒЫ ШЕПТЕ АУЫР ДЕРТПЕН КҮРЕСКЕН ДЕ ОСЫ АҚ ХАЛАТТЫ ЖАНДАР ЕДІ.



абаттандыру жұмыстары да жүргізілген. Мұндағы орнатылған жарықшамдар, орындықтар, төселген өрнектастар қараған көзге тып-тиянақты жасалғаны көрініп-ақ тұр. Ол маңайдан өткен жанның көзіне бірден түсетін тастан мүсінделіп жасалған адамның қос алақанындағы жүрек талайды таң қалдырады. Сондай-ақ денсаулық алейасы тақтайшасында голландиялық дәрігер Николас Ван Ральфтың «Өзгелердің нұрлануы жолында өзімді құрбан етемін» деген қанатты сөзі жазылған. Денсаулық алейасының лентасын медицина саласының қос бірдей ардагері Қазбек Нұрымгереев пен Аманжол Қысқов қиды. Ал, денсаулық аллеясының ашылу салтанатында алғаш болып сөз алған аудан өкімінің орынбасары Аспан Кенжебаев медицина қызметкерлерінің жасаған іп істеріне алғысын білдірсе, келесі ретте «Біз бүл денсаулық аллеясын алдымен корона-вирус пандемиясы кезінде адам жанына араша түсуде аянбай қызмет еткен дәрігерлердің құрметіне орай және де елге қызмет ету ортақ міндет екенін ескере келе ауданның ажарын аша түсуді деген оймен өз қаражат есебіміздің жасадық», - дейді аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев. Сонымен қатар аллеяның ашылу салтанатында



Қазіргі таңда бүкіл әлемді толған-дырып отырған өзекті мәселе адам денсаулығы екені бәріне аян. Осы орайда жуырда ауданымызда 1 желтоқсан «Тұңғыш Президент күні» қарсаңында желтоқсан көшесінің бойынан адам жанына араша болып жүрген ақ қалатты абзал жандардың құрметіне арналған «Денсаулық аллеясы» ашылды. Бұған дейін қоршауы бар бос тұрған ашық алаңды

аудандық аурухана ұжымы бірлесіп «Денсаулық аллеясын» ашсақ деп ұйғарған. Өйткені осы секілді бұдан өзге село көшелерінен бой көтерген балалар ойын алаңдары мен саябақтар ауданның ажарын аша түсуде. Мінекей осылайша бірлескен істе береке болатынын білген ақ халат-тылар аурухана алдындағы алаң-қайды 4 миллион теңгеге «Денсаулық аллеясы» етіп жасады. Оның ішін

құттықтау тілегін білдірген медицина саласының ардагері Әмина Ибрашева қауіпті індет кезінде дәрігерлердің жанқиярлық еңбегін мақтан ету артық еместігін айтып, барша өріптестеріне, індет кезінде аудандық ауруханаға демеушілік көрсеткен кәсіпкерлер мен атымтай азаматтарға алғысын жау-дырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«АЛТЫН БЕСІКТІҢ» АЖАРЫ ТҮЛЕКТЕРГЕ ДЕ ОРТАҚ

Туған жерге тағзым, кіндік қаны тамған топырақты қастерлеу қазақ халқының ежелден жалғасқан салты. Ол - ұлттық санамыздағы аса қастерлі ұғым. Туып өскен өлкеге еңбегімен елеулі болған азаматтар аз емес. Олар туған жерге, туған елге қызмет етудің бірегей жолы - адал еңбек деп біледі.

Елбасы тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаевтың мақаласынан бастау алған «Туған жер» бағдарламасы осыған үндейді. Бұл орайда, туған өлкенің өркендеуіне өздігінен үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің де көптігі көңіл қуантады.

Саралжын ауылдық округі бойынша 2018-2019 жылдар аралығында «Туған жерге тағзым» бағдарламасы бойынша 25 млн.630 мың теңгеге жұмыстар жасалды. 2020 жылы 3 млн.200 мың теңгеге жұмыстар жүргізілді. Пандемия уақытында «Тәжібай Агро» ЖШС-нің директоры Абыл Сатай Ойыл аудандық ауруханасына медициналық препараттар алуға демеушілік көрсетті. Батыс өңірлік телекоммуникация директоры Абай Қадыралиев Жамбыл медициналық пунктте оптикалық-талшықты интернет желісін тарту жұмысын жүргізді. Ақкемер ауылының жеке кәсіпкерлері Жамбыл мектеп-бақшасының мектеп ішін безендірді. Нақтырақ айтқанда, «Рухани жаңғыру», «Мектеп мақта-ныштары» стендтерін жасатса, Ә.Дер-бісәліні атындағы Саралжын орта мектебінің 1980 жылғы түлктері мектеп шеберханасы станоктар мен құра-жабдықтар алып беріп, сонымен қатар мектеп ішіне өжетхана орнатты.

Осы акцияға атсалысқан барлық кәсіпкерлерге, ауыл азаматтарына алғыстан басқа айтарым жоқ. Алдағы уақытта да ауылдың ажары үшін атқарылатын шаралар жалғаса беретін болады.

Абат МҮБАРАКОВ,
Саралжын ауылдық округінің әкімі.

ӘЛИХАН - АҚТӨБЕНІҢ «БАЛА БИ»



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалық бағдарламаларын, «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру» мақсатында ұйымдас-тырылған облыстық «Бала би- 2020» атты балалардың онлайн шығарма-шылық байқауы өз мәресіне жетті. «Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік» жас үміткерлер, бабаларымыздан қалған шешендік ой-толғаулар мен өсиет сөздерді нақышына келтіре жаңыр-туға талаптанған болатын.

Байқауға облыс аймағындағы 7 ауданнан үміткер қатынасты. Нәтиже-сінде өділқазылар алқасының шешімі-

мен, барлық талапқа сай деп таныл-ған Ойыл ауданы, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп - гимназиясының 6 класс оқушысы Балтабай Әлихан Айбекұлы «Бала би -2020» атағына және «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлі-мі» ММ- нің арнайы сыйлығына ие болды. Ұлттық нақышта кейінген Әлихан Бала бидің шешендік сөздерін мөнеріне келтіріп оқыды. «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бұ» демекші, Әлихан Айбекұлының өнерін айрықша бағалаған өділқазылар оны «Бала би-2020» атағына лайық деп бірауыздан құптады. Ендеше Әлихан-ға жастайынан ел мен жер дауына араласып халық арасында «Бала би» атанған Бименбеттің зеректігін берсін дейміз!

Газетке жазылу - 2021

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы
2021 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША WWW.EGOV.KZ. ОНЛАЙН - ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛАЙ ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ?

Бүгінгі күні онлайн режимінде түрлі қызметтерді алуға жоғары сұраныс байқалады. Бұл жалпы интернет саласының қарқынды дамуымен, сондай-ақ азаматтардың өз уақытын оңтайландыруға деген ұмтылысымен байланысты.

Электрондық үкіметтің жұмыс істеу тетігі ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануға негізделіп, азаматтар мен ұйымдарға барынша қызмет көрсетуге бағытталған- дығында болып отыр. Баршаға белгілі электронды үкімет - мемлекет атқара- тын барлық функциялардың элек- тронды түрі. Бұрын мемлекеттік көрсө- тілетін қызметтерді алу үшін мемле- кеттік қызметті көрсететін мемлекеттік органға құжаттармен жүгіну, кезекке тұру, қызметкерлерге бару және құжаттарды толтыру едәуір уақыт жұмсауды қажет ететін. Бүгінде мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу барлық осы өрекеттерді азайтты. Соның бірі азаматтарды тұрақты тұрғылықты жері бойынша

тіркеу. Қазіргі таңда аталған қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияға барудың қажеті болмай қалды. Мемлекеттік қызметтерді электрон- дық түрде алу үшін электрондық- цифрлық қолтаңба немесе бір реттік пароль қажет.

Бұл ретте, қызметті порталда тіркелген пайдаланушыға бір реттік пароль арқылы алу үшін «Электронды үкімет» порталындағы «азаматтардың мобильді базасында» тіркелген ЖСН мен ұялы телефон нөмірін көрсету, содан кейін алынған бір реттік парольді арнайы жолға енгізу талап етіледі. Телефон нөмірін жеке сәйкестендіру нөміріне пайдалану- шының жеке кабинетінде немесе ХҚКО-ға жүгіну арқылы байланыс- тыруа болады.

Одан кейін «Электронды үкімет» порталындағы нұсқаулықты пайда- лана отырып, тіркеуден өтіп порталда тіркелу және «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу керек. Келесі қадамда өтінімді

толтырып, оған ЭЦҚ немесе ұялы телефонға келетін sms-пароль арқылы қол қойылады. Егер өтініш беруші тұрғын үй иесі болса, оған келісімнің қажеті болмайды. Ал, басқа жағдайда ЭЦҚ-мен расталған тұрғын үй иесінен келісім алу қажет. Осы өрекеттерді орындағаннан кейін қызмет алушының жеке кабинетіндегі «Қызметтерді алу тарихы» мәзіріне белгілі уақыт аралығында қызметтің өңделуі мен нәтижесі туралы хабар- лама түседі.

«Электронды үкімет» порталын- дағы осындай өрекеттерді жасау арқылы Сіз онлайн түрде, ыңғайлы өдіспен уақытыңызды жоғалтпай мемлекеттік қызметті ала аласыз.

Г.МЫРЗАБЕКОВА,
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі
Ақтөбе облысы бойынша
департаментінің
мемлекеттік көрсетілетін қызметті
бақылау
басқармасының бас маманы.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақ- стан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдеріс- нің басталуы туралы хабарлайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір канди- датура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссия- сының құрамына осы саяси партия- ның мүшесі болып табылмайтын кан- дидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссия- ларының ұсыныстары бойынша сай- лайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатын сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2020 жылдың 2 жел- тоқсанынан бастап 17 желтоқсанына дейін, ұсыныстары белгіленген жағ- дайда, мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының құра- мына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматты мөлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы

саяси партияның, қоғамдық бірлес- тіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құры- лымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссия- сының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтіні- ші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссия- сының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптас- тырған мәслихат орналасқан өкімші- лік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы тиіс. Сайлау туралы Консти- туциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комис- сиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құра- мына жақын туыстары (ата-аналары, **САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:**

Учаскелік сайлау комиссиялары		
№ 392 сайлау учаскесі		1
№ 394 сайлау учаскесі		1
№ 395 сайлау учаскесі		1
№ 396 сайлау учаскесі		1

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ «ЦИФРЛЫ БУХГАЛТЕРИЯ МЕН ҚАРЖЫ» ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУДІ БАСТАЙДЫ

Бұл бастаманың қандай қажеті бар?

Жаңа жүйені енгізудегі мақсат – көпшілік үшін білім саласындағы қар- жыландырудың ашықтығын және тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету. Бухгалтерияны, кадрларды, есепке алу мен бюджетті жоспар- лауды автоматтандыру сыбайлас жемқорлық төуекелдерін алдын алуға және қаржыны тиімді пайдалануды арттыруға жағдай жасайды.

Яғни мектептің бюджетіне, оның әрбір жұмсаған теңгесіне қатысты ақпаратқа біздің министрлік, басқа құзырлы мемлекеттік органдар, және азаматтық қоғам өкілдері қол жеткізе алады.

Бұл – маңызды бастама.

Білім беру саласын қаржыландыру жылдан жылға артып келеді.

Өрине, оның қаншалықты жеткілікті немесе жеткіліксіз екендігі туралы көп айтуға болады. Алайда, сол бөлінген қаражатты тиімді пайдалану маңыз- дырақ.

Тағы бір мәселеге тоқталайын.

Көпшілік мектептерді, балабақ- шалар мен колледждерді Білім және ғылым министрлігі республикалық бюджет есебінен қаржыландырады деп есептейді. Одан бөлек жалақы- ның уақытылы және дұрыс есептелуі,

оқулықтарды сатып алу немесе білім беру ұйымдарындағы жөндеу жұмыс- тарын да министрліктің өзі тікелей жүргізеді деп ойлайды.

Бірақ іс жүзінде олай емес.

Заңға сәйкес бұл жұмыс өкімдік- тердің құзырында.

Елімізде білім беруді басқару орган- дарының саны 200-ден асады, яғни, қаржыландыру да сол қалалар, аудандар мен облыстардың бюджеті- нен өтеді. Өкімішлендіру деңгейі әртүрлі өрі көп болған соң оларды қадағалап отыру өте қиын.

Сондықтан тіпті облыстық білім басқармаларының өзі көп жағдайда жалақыны уақытылы төлеуге, оқу- лықтарды сатып алуға немесе мектеп, колледждерді жөндеу жұмыстарына қатысты проблемаларды бұқаралық ақпарат құралдарына шыққанда немесе шағымдар келіп түскенде біліп отырады.

Бұл мүлдем дұрыс емес.

Ата-аналар мен мұғалімдерге орын алған проблемаларға «кім жауап беретіні, неге бұлай болғаны» емес, олқылықтардың орын алмауы маңызды ғой.

Сондықтан біз жан басына қаржы- ландыру механизмдерін енгізу және барлық қаржыландыру жүйесін цифр- ландыру бойынша бастаманы қолға

алдық.

Бұл жүйе Нұр-Сұлтан қаласы мен Павлодар облысындағы білім беру ұйымдарында пилоттық жоба ретінде апробациядан өтті.

Білім басқармаларының басшы- лары мен мектеп директорлары атал- ған жобаға оң баға берді.

Жүргізілген пилоттық жобаның нәтижесінде тек елордада бюджет қаражатынан бірнеше млрд. теңге үнемделіп, білім беру ұйымдарының қаржылық қызметі реттелді.

Бухгалтерлік және салық есебіне алу барысында бұзушылықтар саны едәуір қысқарып, шығындар бойынша төуекелдер азайды.

Аталған жоба жалақыны дұрыс есептемеу, қаржылық бұзушылықтар, жоспарлау, қаржыландыру кезіндегі субъективизм сияқты проблемаларды шешуге және білім беру мекеме- лерінің қаржылық жағдайына жедел мониторинг жүргізуге жақсы мүмкіндік береді.

Бухгалтериямен қоса бюджетті жоспарлау, мемлекеттік сатып алу, тарификациялау, жұмысқа алу про- цестері де автоматтандырылады.

Бұл – білім саласына бағытталған қаржыны ашық өрі тиімді пайдала- нуды қоғам болып қадағалауға бағыт- талған тағы бір қадам.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

2021 жылғы 10 қаңтар
Қазақстан Республикасы Ойыл аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың «Ауыл» Халықтық-Демократиялық патриоттық партиясы Ақтөбе облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеу туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының

ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап:

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 1 желтоқсанда «Ауыл» Халықтық-Демократиялық патриоттық партиясының 3 адамнан тұратын партиялық тізімі төмендегі құрамда тіркелгенін хабарлайды:

pp/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері
1	Абдураймова Ләззат Байдәулетқызы	1984	«Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры, Ойыл ауданы Ойыл ауылы
2	Жүсіалиев Асылбек Аниқұлы	1993	Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының ветеринарлық фельдшері, Ойыл ауданы Ойыл ауылы
3	Сармұханов Серік Көдірғалиұлы	1987	Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының директоры, Ойыл ауданы Ойыл ауылы

Сайлау комиссиясының төрағасы :
Сайлау комиссиясының хатшысы :

Б.Т.Бисекенов

Б.Бактыгереев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

2021 жылғы 10 қаңтар
Қазақстан Республикасы Ойыл аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың Қазақстан Халық партиясы Ақтөбе облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеу туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының

ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап:

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 3 желтоқсанда Қазақстан Халық партиясының 3 адамнан тұратын партиялық тізімі төмендегі құрамда тіркелгенін хабарлайды:

pp/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері
1	Аралқызы Анар	1996	Ойыл аудандық жастар ресурсы орталығының маманы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы
2	Ғазез Аңсаған Қарасалқызы	1994	Ойыл аудандық жастар ресурсы орталығының маманы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы
3	Жауынбаев Темірбек Мұздақбайұлы	1981	Жеке кәсіпкер, Ойыл ауданы Ойыл ауылы

Сайлау комиссиясының төрағасы :
Сайлау комиссиясының хатшысы :

Б.Т.Бисекенов

Б.Бактыгереев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

2021 жылғы 10 қаңтар
Қазақстан Республикасы Ойыл аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың «Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы» Ақтөбе облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеу туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының

ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап:

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 3 желтоқсанда «Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясының» 2 адамнан тұратын партиялық тізімі төмендегі құрамда тіркелгенін хабарлайды:

pp/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері
1	Жұмашева Мерует Сәндібекқызы	1999	Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы
2	Шуакова Айнаш Сағынғалиқызы	1994	Жеке кәсіпкер, Ойыл ауданы Ойыл ауылы

Сайлау комиссиясының төрағасы :
Сайлау комиссиясының хатшысы :

Б.Т.Бисекенов

Б.Бактыгереев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

2021 жылғы 10 қаңтар
Қазақстан Республикасы Ойыл аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың «ADAL» Саяси партиясы Ақтөбе облыстық филиалының партиялық тізімін тіркеу туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының

ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап:

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 3 желтоқсанда «ADAL» Саяси партиясының 2 адамнан тұратын партиялық тізімі төмендегі құрамда тіркелгенін хабарлайды:

pp/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері
1	Еламанова Айгерім Елболдықызы	1996	Ойыл ауданы өкімі аппаратының хатшысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы
2	Есенғарин Айзат Альбертұлы	1992	Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы

Сайлау комиссиясының төрағасы :
Сайлау комиссиясының хатшысы :

Б.Т.Бисекенов

Б.Бактыгереев

ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫЛАРДЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ!



2020 жылдың 30 қарашасындағы «ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» республикалық

мемлекеттік мекемесінің №27-5-6/220 бұйрығына, «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің 30.11.2020 жылғы №150-Ө

бұйрығына және осыған сәйкес Ойыл орман шаруашылығы мекемесі директорының 30 қараша 2020 жылғы №63 бұйрығымен жаңа жылдық мереке қарсаңында қылқан жапы- рақтылардың жас талдарын қорғау жұмысы күшейтілді.

Яғни 1 желтоқсаннан бастап қылқан жапырақты қарағай, шырша, арша терізді ағаштардың көшеттерін кесуге болмайды. Осы мақсатта ішкі істер бөлімімен бірлесе отырып кезекшілік кестесі жасақталып, күнделікті шолу жүргізіледі. Қылқан жапырақтыларды заңсыз кесу немесе орман қорындағы, сондай ақ өз бетімен өсіп шыққан ағаштарды зақымдауға, кесуге заңмен тыйым салынғанын еске саламыз.

Т.СЕНҒАЛИЕВ,

Ойыл орман шаруашылығы директорының орынбасары.

2020 жылғы қарашада «OTAU TV» ұлттық жерсеріктік телевизиясын пайдаланушылар саны тағы бір үлкен белес – 1 500 000-ға жетті. «OTAU TV» жерсеріктік телерадио хабарларын таратудың отандық нарығына енгеніне шамамен 9 жыл болды, ұлттық жерсеріктік телевизияны ресми түрде іске қосу Елбасының қатысуымен 2011 жылғы 18 қаңтарда өтті.

2011 жылы телерадио хабарларын таратудың жерсеріктік желісі халыққа

«OTAU TV» еркін қолжетімді арналардың топтамасына енгізілген 44 отандық телерадиоарнаны тегін көруге мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта «OTAU TV» жерсеріктік телерадио хабарларын тарату желісі арқылы «Тегін» топтамасы 66-дан астам телерадиоарнаны таратады.

Жерсеріктік телерадио хабарларын тарату республика аумағын 100% қамтуды қамтамасыз етіп отыр, соның арқасында халық бұл қызметке кез келген елді мекенде қосыла алады.

В ноябре 2020 года количество пользователей национального спутникового телевидения «OTAU TV» достигло отметки в 1 500 000. На отечественном рынке спутникового телерадиовещания «OTAU TV» уже порядка 9 лет, официальный запуск национального спутникового телевидения состоялся 18 января 2011 года с участием Елбасы. В 2011 году спутниковая сеть телерадиовещания предоставляля населению бесплатный доступ

«GALAMTV» - бұл отандық көп-функционалды жоғары сапалы, пайдалануға ыңғайлы және Қазақстанның өрбір азаматына қол жетімді интернет-телевизия. Интернет қызметінде мектеп оқушыларына қашықтан оқыту тұрғысынан білім беру функциясын орындайтын «Балапан» және «ЕлАрна» телеарналарын қоса алғанда, 10 отандық радиоарна мен 24 телеарна кіреді.

«GALAM TV» өлемнің кез-келген нүктесінде қазақстандық телеарналарды нақты уақыт тәртібінде кез келген мобильді құрылғыдан көруге мүмкіндік береді. Бұл қызметтің көптеген артықшылықтарының қатарында TimeShift ойнатуды басқару функциясын атап өтуге болады, ол сізге кез келген ыңғайлы уақытта қайтадан қарау үшін фильmnің немесе телешоудың үзіндісін кідіртуге немесе «ілгерілетуге» мүмкіндік береді.

«GALAM TV» интернет-телевизиясының функциялар жиынтығы, оның артықшылықтары туралы айта отырып, біз CatchUP 24 функциясын атап өтеміз, бұл Интернет қызметін пайдаланушыларға бағдарламаларды 72 сағат бойы қайта ойнатуға мүмкіндік береді. Әр арнаның хабарлар бағдар-

ламасы көрермендерге өз ыңғайына қарай қарау үшін жазбада сақталады.

Сондай-ақ, қызмет бос уақытты жоспарлауға мүмкіндік береді. Ол үшін кез-келген арнаның қажетті телебағдарламасын жылдам табуға қол жеткізетін ыңғайлы электронды бағдарламасы жасалған.

Интернет бар жерде GALAM TV қызметін пайдалануға болады. Бұл үшін кез-келген байланыс түрі қолайлы: LAN / Wi-Fi, 3G, 4G. Көрсетілімді бастау үшін мобильді құрылғыға AppStore немесе PlayMarket-тен «GALAM TV» қосымшасын жүктеп алып, оған тіркелу керек. Сурет пен дыбыстың сапасы Интернетке қосылу жылдамдығына байланысты. Теледидар қарау үшін мобильді интернетті пайдалану Интернет-трафикті тұтынудың артуына әкелуі мүмкін екенін ескертеміз, алайда GALAM TV тізіміндегі телеарналарының барлық мазмұны тегін ұсынылады.

Өзіңіздің сүйікті телешоуларыңызды GALAM TV-ден бүкіл отбасымен бірге көріңіз! Бір есептік жазбадан үш құрылғыдан бір уақытта қарау мүмкіндігі бар.

Қызмет www.galamtv.kz порталында да қол жетімді.



«GALAM TV» - отечественное многофункциональное интернет-телевидение высокого качества, удобное в использовании и доступное каждому казахстанцу. Интернет сервис включает в себя отечественных 10 радиоканалов и 24 телеканала, в числе которых телеканалы «Балапан» и «ЕлАрна», которые выполняют образовательную функцию в условиях дистанционного обучения школьников.

«GALAM TV» дает возможность смотреть казахстанские телеканалы в любой точке мира в режиме реального времени на различных устройствах. Среди всех преимуществ этого сервиса можно отметить функцию управления воспроизведением Time-Shift, которая позволяет сделать паузу или «прокрутить» назад фрагмент просматриваемого фильма или телепередачи, чтобы посмотреть его снова в любое удобное время.

Говоря о наборе функций интернет-телевидения «GALAM TV», его преимуществех, отметим функцию CatchUP 24, которая позволяет пользователям интернет сервиса смотреть программы в повторе в течение 72 часов в любом месте, в любое время. Программы передач

каждого канала сохраняются в записи для комфортного просмотра телезрителей.

Также сервис дает возможность планировать свой досуг. Для этого разработана удобная электронная программа телепередач, которая позволяет быстро отыскать нужную телепередачу любого канала.

Воспользоваться сервисом «GALAM TV» можно везде, где есть интернет. Для этого подойдет любой тип подключения: LAN/Wi-Fi, 3G, 4G. Чтобы начать просмотр, необходимо скачать на мобильное устройство приложение «GALAM TV» в AppStore или PlayMarket и зарегистрироваться в нем. Качество изображения и звука автоматически адаптируются к скорости интернет-соединения. Напоминаем, что использование мобильного интернета для просмотра ТВ может привести к росту потребления интернет-трафика, однако весь контент телеканалов «GALAM TV» предоставляется бесплатно.

Смотрите любимые телепередачи «GALAM TV» всей семьей! Просмотр возможен одновременно на трех устройствах с одного аккаунта.

Также услуга доступна и на портале www.galamtv.kz.

Телехабар тарату саласының келбеті тез өзгеруде. Белгіленген телеарналар жиынтығын таратудың дәстүрлі тәсілі тұтынушылардың талғамын ескеретіндей әдіске алмасты. Әрбір клиент көптеген ақпараттық ресурстың ішінен өзінің жеке қалауына сәйкес қажеттісін таңдайтын болды.

Бүгінгі күні Қазақстан тұрғындары кабельдік, цифрлық, жерсеріктік, интернет-телевизияны белсенді пайдаланады. Айта кетерлік жөйт, қазақстандықтар пайдаланатын жерсеріктік антенналардың бір бөлігінде арнайы рұқсат құжаты жоқ, өйткені олар шетелдік спутниктік платформалардың бағдарламаларына заңсыз қол жеткізіп отыр. Олар еліміздің жалпы ақпараттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін зиянды бәсекелестік туғызады, себебі бұл контент заңмен реттелмеген.

«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында телевизия және (немесе) радио хабарларын тарату - қызметтің лицензияланған түрі болып табылады. Алайда, бұған қарамастан, кәсіпкерлер коммерциялық газеттер мен интернет арқылы әр түрлі операторлардың қызметтеріне қосылуды ұсынады: «Радуга», «Ямал», «Телекарта», «Триколор», «НТВ+» және басқалары. Бұл жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасының бірқатар бұзушылықтарын тудырады.

Заңсыз антенналарды қолданатын ел тұрғындары іс жүзінде республиканың ақпараттық кеңістігінен оқшауланған болып шығады. «Сұр» төрелкелердің орнына қазақстандық операторлар отандық және шетелдік телеарналарды ұсынады.

Мұндай «төрелкелерді» пайдалану тұтынушылар үшін мүлдем тиімсіз, өйткені шетелдік операторлардың жабдықтарымен байланысты мәселе-



Качество приемного оборудования, какие приемники предпочитают казахстанцы

Облик телевещательной индустрии стремительно меняется. На смену традиционной модели вещания строго определенного набора телепередач приходит ориентация на потребителя. Каждый клиент в соответствии со своими личными предпочтениями выбирает из широкого спектра информационных ресурсов именно то, что ему нужно.

Сегодня жители Казахстана активно пользуются кабельным, цифровым, спутниковым, интернет-телевидением. Стоит отметить, что часть спутниковых тарелок, используемых казахстанцами, являются, нелегальными, поскольку предоставляют незаконный доступ к программам зарубежных спутниковых платформ. Они создают нездоровую конкуренцию, подвергая риску информационную безопасность страны в целом, так как их контент не регулируется законодательством.

Согласно статье 24 Закона РК «О лицензировании» оказание услуг по организации телевизионного и (или) радиовещания на территории Республики Казахстан является лицензируемым видом деятельности. Однако, несмотря на это предприниматели посредством коммерческих газет и интернета предлагают подключиться к услугам разных операторов: «Радуга», «Ямал», «Телекарта», «Триколор», «НТВ+» и других. Данная ситуация порождает ряд нарушений законодательства Республики Казахстан.

На деле выходит так, что жители страны, пользующиеся нелегальными антеннами, практически изолированы от информационного пространства республики. По сравнению с «серыми» тарелками казахстанские операторы предоставляют отечественные и зарубежные телеканалы.

Использование таких «тарелок» совсем не выгодно потребителям, так

лер туындаса, онда сіз осы оператордың ел аумағында орналасқан өкілдігіне хабарласуыңыз керек. Шетелдік операторлар тыйым салынған тауарлар мен қызметтердің жарнамаларын таратқан кезде, жарнама заңнамасын бұзушылық та бар. Соңғы жылдары цифрлық хабар таратуды белсенді түрде енгізу кезінде елімізде отбасылардың көпшілігі қазақстандық телеарналардың кең спектріне абоненттік төлемсіз және өте жақсы сапада толық қол жетізе алатынын атап өткен жөн. Цифрлық сигнал кедергілерге төзімді және көрермендерге түпнұсқа түрінде, шу мен бұрмаланусыз, тіпті ең шалғай орналасқан елді мекендерге де беріледі.

Қазақстан халқы облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 30 шаты, ал аудан деңгейінде, елді мекендерде 15-ке жуық телеарнаны көре алады. Әр түрлі телеарналар қарастырылған, мемлекеттік және орыс тілдерінде хабар таратумен қамтамасыз етілген. Сапалы телевизия көру үшін теледидарды ауыстырудың қажеті жоқ, едетте олар цифрлық сигнал қабылдайтын DVB-T2 стандартын қолдайды. Сізге қарапайым дециметрлік антенна қажет, ал егер теледидар DVB-T2 стандартын қолдамаса, сізге цифрлық қабылдағыш қажет болады.

Цифрлық телевизиялық хабар таратуды дамыту қол жетімді бағдарламалардың санын көбейтеді, интерактивті хабар таратуды енгізеді және халыққа қосымша қызметтер ұсынады. Бұл сонымен қатар елдің барлық тұрғындарына ақпараттық ресурстарға тең қол жетімділігін қамтамасыз етуге, теледидар бағдарламаларының кескіні мен дыбысының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

2022 жылға қарай цифрлық эфирлік телехабар тарату желісімен Қазақстан Республикасы халқының кем дегенде 95% қамту жоспарланып отыр.

№	Ауылдық округтің атауы	Стендтер орналастырылатын орын
1	Ойыл	Ойыл ауылы Оноприенко көшесі, 22
2		Ойыл ауылы Оноприенко көшесі, 24
3		Ойыл ауылы Шернияз көшесі, 75
4		Ойыл ауылы Б.Жолмырзаев көшесі, 1
5		Ойыл ауылы Желтоқсан көшесі, 21
6		Ойыл ауылы Көкжар көшесі, 48
7		Ойыл ауылы Көкжар көшесі, 56
8		Ойыл ауылы Көкжар көшесі, 61
9		Ойыл ауылы Құрманов көшесі 70
10		Екпетал ауылы Қыдырбаев Хайролла көшесі, 2
11	Ш.Берсиев атындағы	Қаратал ауылы Ж.Жүсібалиев көшесі, 2
12		Қаратал ауылы Ж.Жүсібалиев көшесі, 9
13		Қаратал ауылы Ш.Берсиев көшесі, 35
14		Қаратал ауылы Ш.Берсиев көшесі, 37
15		Қаратап ауылы Сүлеймен әулие көшесі, 12
16	Көптоғай	Көптоғай ауылы Достық көшесі, 6
17		Көптоғай ауылы Қазақстан көшесі, 18 «А»
18		Көптоғай ауылы Достық көшесі, 3
19		Көптоғай ауылы Қазақстан көшесі, 20
20		Көптоғай ауылы Мектеп көшесі, 4
21		Аманкелді ауылы Астана көшесі, 14
22		Шұбарши ауылы Мектеп көшесі, 19
23		Қарасу ауылы Алашорда көшесі, 2
24	Қарай	Қарай ауылы Қазақстан 2030 көшесі, 6
25		Қарай ауылы Қазақстан 2030 көшесі, 2
26	Сарбие	Сарбие ауылы Әйтеке би көшесі, 16
27		Сарбие ауылы Әйтеке би көшесі, 18
28		Сарбие ауылы Жастар көшесі, 13
29		Сарбие ауылы Жастар көшесі, 18
30		Сарбие ауылы Бейбітшілік көшесі, 3
31	Саралжын	Саралжын ауылы Қазақстан көшесі, 9
32		Саралжын ауылы Кеңес көшесі, 2
33		Саралжын ауылы Кеңес көшесі, 4
34		Бестамақ ауылы Аялберген көшесі, 1
35		Бестамақ ауылы Тайсойған көшесі, 6
36	Қайыңды	Ақжар ауылы А.Иманов көшесі, 1
37		Ақжар ауылы Мектеп көшесі, 4
38		Ақжар ауылы А.Иманов көшесі, 4 «А»
39		Көсембай ауылы Орталық көшесі, 6

Ойыл ауданы әкімдігі

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы



Аудан тұрғындары мен қоңақтарының назарына 112 «Құтқару қызметінен» дауылды-боран SMS хабарлама ескертпелеріне немқұрайлы қарамай, өзіңізді және жаныңыздағы адамдарды қауіпті жағдайда қалдырмас үшін жауапкершілікпен қарауды ескертеміз.

Қатты борандар мен қар жаудудың нәтижесінде қысқы табиғи стихиялық күшінің көрсетілуі ауа температура-сының күрт төмендеуі, қар басып қаулапармен және желдің қатты ұйытқуымен байқалады. Осындай құбылыс бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін болуы мүмкін. Адам организміне негізгі зақымдаушы факторларының бірі төменгі температураның өсері, бұл үсік шалуға кейде қатырып тастауға әкеліп соғады.

Сонымен қатар, егер де Сіз жолда келе жатқанда боран басталса, келесі қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз:

- Жолдан адасып кетпес үшін тоқ-тағаныңыз жөн және көлігіңізді желдің бағытына қарсы қойыңыз керек;

- Көлігіңіздің қозғалтқышын қар басып қалмас үшін брезент немесе көрпемен жауып қойыңыз және арасында көліктен шығып, қар аршығаныңыз дұрыс;

- Түтін шығатын тұрбаның ішіне қар толып қалмауын қадағалаңыз;

- Отыды үнемдеп, көлікті андасанда ғана қыздырғаныңыз жөн;

- Қола бар материалдардан, жарқын түсті матадан құтқарушыларға белгі беретіндей құрал жасап алыңыз және оны көрінетіндей етіп орнатыңыз.

Қысқы балық аулауды ұнатушыларға кенес:

- Балық аулау кезінде алдымен өзіңіздің қауіпсіздігіңізді ойлаңыз;

- Мүз стінен өту кезінде әрдайым тез арада жүктен арылуға дайын болыңыз;

- Мүз стіндегі балық аулау кезінде үнемі өзіңізбен тақтай, арқан ұзындығы 12-15 метр, немесе үлкен бұтақ

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1601 таба. Тапсырыс №1518 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АҚШАТАУДЫҢ АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА

БИЫЛ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨРТ ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АРҚЫЛЫ АУЫЗ СУ ҚҰБЫРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. СОНЫҢ БІРІ - АҚШАТАУ АУЫЛЫ. ЖУЫРДА ШАҒЫН АУЫЛ БОЛҒАНЫМЕН ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ ТҰРАҚТЫ, ШАРУАСЫ МЫҒЫМ ЕЛДІ МЕКЕНІНІҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ МЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ТАРАПЫНАН ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.

Ауыз су бүгінде халықтың игілігіне осы жылдың аяғына дейін берілу жоспарда бар. Бұрынғыдай күннің аптап ыстығы мен қыстың аязында тоңып даладан су таситын халық қазір ауыз суды үйлеріне кіргізу жұмыстарын бастап кеткен. Шалғай елді мекендерді жаңа заман талабына сай жабдықтау арқылы халықтың ауыл-дық жерде тұрақтауына үлкен мүмкіндіктер туып отыр.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тапсырыс негізінде республикалық және облыстық бюджетпен қаржыландырылып, жүзеге асып жатқан жобаның жалпы құны - 361, 450 млн теңгені құрайды. Ақштатау елді мекеніне су жүйесін тартуға тартуға жарияланған тендерде жеңімпаз атанған мердігер «Ақпан» ЖШС өз жұмысын сапалы

жүргізіп жатыр.

«Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин бастаған топ мүшелері - аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жиеналин, аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Танат Нұрымгереев, Ойыл аудандық ардагерлер Кеңесі төрағасы Сәрсенбай Аманғосовтар жергілікті тұрғындармен де тілдесіп, ауыз су жүйесі туралы пікірлеріне құлақ түрді. Жергілікті халықтың айтуынша, құдықтан су тасып өуре-сарсаңға түспей, тіршілік көзінің үйге кіріп күнделікті тұрмыстың жеңілдейтініне қуанышты екендіктерін жеткізді.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
«Nur Otan»партиясы Ойыл аудандық филиалы консультанты.

ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІНДЕГІ АЙ АМАЛДАРЫ

Қазақтың этнографиялық мәдениетінің ең бір тылсым, құпиясы көп саласының бірі – күнтізбедегі аталған ай амалдарының мәселесі. Қазақ халқы күн мен айдың қозғалысын, көптеген жұлдыздардың туатын және бататын кездерін жақсы білген. Соның негізінде байтақ далада жол тауып, жыл мезгілдерін айырып, мал алу мерзімдерін біліп, уақытты есептеп отырған. Қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылай отырып, көпжылдық тәжірибелерін қорытып, ауа райын болжап астрономиялық түсініктері мен білімдерін жинаған. Жазба күнтізбесі болмаса да, жыл он екі айды өзінесе зерттеп, өз ойларына түйген қазақ халықтары он екі ай ішіндегі өртүрлі амалдарды атадан балаға мирас қып, сабақтай білген. Амал ұғымы көпшелі қазақ тұрмысы мен дүниетанымында маңызды рөл атқарған. Қазақтың көне күнтізбесі бойынша амал дегеніміз – әр айда адамға, малға, егіс дақылдарына жайсыз және қолайлы жағдайларды межелеп отыру, әр өндіріс науқанын жүргізетін мезгілдерін белгілеу үшін жұмсалатын уақыттың жалпы атауы. Халық бір жыл ішіндегі айналмалы қар, жаңбыр, ыстық, суық, аяз, жел, боран сияқты құбылыстарды бір сөзбен амал деп атаған.

Құс қанаты

«Құс қанаты» ұғымы жыл құстарының көктемде келуіне және күзде қайтуына сәйкес келетін амал. «Құс қанаты» наурыз айының 26-28 күндеріне тиесіл. Көктем мен жыл басы наурыздың соңына қарай жылы жақтан құстар келе бастағанда қар аралас жаңбыр жауады, суық жел тұрады. Мұны халық құс қанаты деп атап амалға жатқызған. Құс жолынан адаспас ұғымы жыл құстарының келіп қайтуына байланысты қалыптасқан. Сондықтан наурыз айының соңғы күндері ауа-райы күрт өзгерсе, қариялар «Жарықтық, құс қанаты ғой, бұл» деп жатады. Ең алғаш өлкемізге келетін құстың бірі – қараторғай. Бұл кезде қайтқан құстардың сусылдаған ызғарынан күн суып, жапалақтап қар жауады. Мұны сол жылғы соңғы қар деп есептейді.

Бесқонақ

Наурыз айының соңы мен сәуірде боран соғып, жаңбыр жауып ауа-райы құбылса “бесқонақ” басталады. Бесқонақ – ежелгі түркілерде қолданылған, күн қозғалысына негізделген күнтізбе. Жыл ұзақтығын 12 айға бөліп және оған қосымша күндермен есептейтін күнтізбе ескі жылдың соңы мен келе жатқан ортасындағы аралық күндер қосымша күндерге саналады. Бесқонақ күнтізбесі қыпшақ, оғыз тіл тобына енетін түркі халқының күнтізбесіне негіз болған. “Бесқонақ” деп «өліараның» тууына дейінгі көрінбей тұратын күндерді, осы сәуір айында түсетін жауын-шашынды, суық, әрі лайсан күндерді атап, халық осы бесқонақты күтіп, қатты сақтанатын болған, ол бес күнге созылады.

Кей жерде сәуір (көкек) айындағы бесқонақ амалы өтпелі, қазіргі малшылардың өздерінде де күн райы қанша тамылжып тұрса да, жайлауға көшпеген. Өйткені Бесқонақ амалы кезінде ең болмағанда үш-бес күндік суық, қар аралас жаңбыр болмай қоймайды. Бесқонақ өтісімен арқасын сөл де болса кеңге салып, көктемгі шаруаға дайындалады.

Отамалы

Отамалы сәуірдің онында кіріп, он бесінде шығады. Отамалы деген – оттың, көктің, шөптің амалы деген сөз. Өйткені, 3-5 күнге созылған осы амал кезінде, күн шұғыл суып қарлы жаңбыр жауады. Бөктерлерде едәуір қар да түседі. Артыныша күн жылдам жылынып, ылғал мен топырақ қызуынан көк жапа-тармағай тебіндей бастайды. Осы амалға байланысты аңыз бойынша сіріңке жоқ заманда көрші ауылдан от алуға барған әйел қайтып үйіне жеткенше бұрқақтақ адасып, үсіп өледі. Осыдан отамалы атанған. «Отамалы – оңына бақса, от алғанша, терісіне бақса оталғанша» деген мақал бар.

Қызырдың қамшысы

Құстар жұмыртқалап болған соң, «Қызырдың қамшысы» амалы келеді. Сәуір айының он бесінен кейін жауап рет нәізжағай ойнап, жаңбыр алаш, жер бусанады. Осы кездегі найзағайдың жарқылын «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс біржолата кетті» деп есептеген. Сәуір айының



соңында 2-3 күнге созылатын суық жел соғып, тобылғы жарған амалы басталады. Яғни бұл кезде де күн салқындап, жаңбыр жауып, күн күркірейді. Қариялар осы кезде тобылғының бұршік жаруы, яғни өсімдіктердің тамыр жаюы деп, «енді жерге көк шығады», – деп қуанады.

Қызыл жұмыртқа

Мамыр айының алғашқы онкүндігінде бір-екі күнге созылған суық болады. Бұл дала (су) құстарының жұмыртқасынан балапанын шығаратын кезі. Халықтың түсінігінесе осы мезгілді «Қызыл жұмыртқа» деп атаған.

Құрапайдың салқыны

Құрапайдың салқыны шамамен мамыр айының жиыrmасына қарай болады, яғни көктемнің үшінші айы мамырдың аяғына қарай қатты суық жел тұрады. Ол жерді біршама кептіргенімен, оны қатты суытып жібереді. Сол кезде тау басына бұлт төніп, аспан бұзылады. Бұл – аң төлдейтін мезгіл. Осы кезде киіктер лақтап болып, құралайын суық жерден тұрғызып, жүгіртіп өргізеді. Киіктердің төлдеуі екі-үш күнге ғана созылады. Мамыр айының аяғында болатын осындай суық күндерді «Құрапайдың салқыны» деп атаған. Қазақтар құралайдың салқынын күтіп, одан да сақтанатын болған.

Саратан-Зауза

Саратан-Зауза амалы маусымның онында кіріп, он бесінде шығады. Сары атан түіеге мінген Зауза атты қыз құрбан айта қыдырып, жолда үсіп өлген дейді. Содан Саратан-Зауза атанған.

Үркердің батуы

Мамыр айының ортасына қарай үркердің аспан мүлде көрінбей кетуін қазақ есепшілері «Үркердің батуы» деп айтады. Маусымның 24-де үркер таң ата батыстан көрінеді де, содан шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптаты күндерге орай халық арасында «Қырық күн шілде» деп аталатын халықтық күнтізбелік атау пайда болған. Сонымен қатар, халық жұлдызшылары мен есепшілері «Үркер жерге түспей жер қызбайды» – дейді. Жыл мезгілдеріндегі табиғи ерекшеліктерді Үркер жұлдызының қозғалысына қарап анықтаған. Үркер құрғақ жерге түссе, аңыздақ жел көп болып, қуаңшылық болады. Үркер тасқа түссе, шілінгір қатты ыстық болады, Үркер жерге түссерде қой қырқылады. Үркердің толғағы аталатын амал мал-жанға жайлы кезең, шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды. Сондықтан қазақ есепшілері үркердің тууы мен батуын үнемі қадағалап, бақылап отырған, шаруашылық маусымдары соған сәйкестендірген.

Таразының тауы

Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. Қазақ есепшілері бұл жұлдыздың шығуына қарап: «Таразы туса – таң салқын, бидай, тары піседі» деп тұжырымдаған. Осы кезеңді таразының тууы деп атайды.

Мизам шауқ

Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады, жаңбыр жауа-

«ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - КЕЛЕШЕК КІЛТІ»

Латын әліпбиіне көшу-заман талабы, тiмiздi әрекет, өркениетке қадам, өзектi мәселе.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың латынға көшу туралы шешiмi өте орынды, болашақта латын әлiпбиіне көшу арқылы ана тiлiмiздiң аясы өркендейдi, тiл ауыспайды, таңба ауысады, яғни, латынға көшу қиындық туғызбайды.

Латын әлiпбиіне көшу – ана тiлiмiздiң өлемдiк ғылым мен бiлiмде айшықты орын алуға ықпал етiп, қазақ тiлiнiң рухани тiл мәдениетiн қамтамасыз ететiн қадамның бiрi. Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында 2025 жылдан бастап үкiметке қазақ тiлiн латын әлiпбиіне көшiрудiң нақты кестесiн жасауды тапсырды.

Ұлттық арналарда арна атауы, валютамызда жүз теңгелiк монета, дүкен атаулары мен жарнама тақтайшаларында латын кәрiпi қолданыла бастады. Қазiргi ақпарат қарқынды дамыған заманда ғаламтор жүйесiнде үстемдiк ететiн латын әлiпбиi екенi де рас.

Латын әлiпбиіне көшудiң жас ұрпаққа берер тiмдi тұстары өте зор. Оның ең бастысы – тiл тазалығы.

Тiлiмiзде қазiр қолданып жүрген жат дыбыстарды таңбалайтын әрiптер қысқарып, қазақ тiлiнiң таза қалпы сақталады.

Тағы бiр ерекше пайдалы тұсы – қазақ тiлiнiң халықаралық дәрежеге

шығуына жақсы мүмкiндiк, түбi бiр түркi дүниесiне ортақ тiлдi игеру.

Мен Елбасының латынға көшу туралы бағдарламасын толық қолдаймын. Себебi әлемнiң озық елдерi тiл игiлiгiн көрiп, көпшiлiк латын тiлiн қолданып отыр.

Тiл, жазу, әлiпби - өр халықтың рухани,мәдени, тарихи деңгейiн көрсететiн ерекше дүние, ұрпақтан ұрпаққа мирас болар алтын көпiр, бағалы байлық десек, латынға көшу арқылы егемендi қазақ елi ретiнде мемлекеттiк тiл дәрежесiндегi қазақ тiлiнiң мерейiн өлемге танытуымыз қажет.

Елiмiз күннен-күнге қуатты мемлекетке айналуда, сондықтан болашағымыз жаққын, келешегiмiз кемел болып, ұлттық құндылығымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғассын десек латын әлiпбиіне көшүiмiз қажет.

Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әлiпбиi мен жазуы қазақ елiнiң беделiн биiкке бастайды деп көмiл сенемiн.

Жақсы келдi дегенше, Жарық келдi десесңiң.

Жақсылықтың нышанын Алып келдi десесңi, - дегендей, жаңа латын әлiпбиiн игеру- болашақ бағдары, кемел келешектiң кiлтi болғай!

С.РЗИНА,

Екпетал модельдi ауылдық кiтапханасының кiтапханашысы.

Ойыл ауданы, Көптоғай ауылдық округі,
Амангелді ауылының тұрғыны Адаев Ақжол Сағидоллаұлының мерейлі 30 жасымен құттықтаймыз!

Орындалсын өмірдегі арманың
Көңіліңе ешқашанда алма мұң
Думан бүгін біздер үшін мереке
Туған күнің құтты болсын жан жарым.
Жақсы іске қос қолыңды түре бер
Сенің жақсы екеніңді біледі ел.
Жылда тойлап туған күнді қызықты
Отбасыңның ортасында жүре бер.
Ұл қыздарың жұлдызбенен ай күнің
Тілер саған дүниенің байлығын.
Тамаша сөт бүгін жеке мерекең
Қуанышқа құшақ ашып жайды күн.
Жақсыларды жинап әркез жаныңа
Жақсы істің қасынан жүр табыла
Жаңа жасың жақсылықты әкелсін
Туған күнің құтты болсын тағы да
Құттықтаушылар: ата-анасы, бауырлары, балалары.

Ойыл селосы,
Дауленов №7 үйдің тұрғыны
Базарғали Бейбарыс Сәуірбайұлының
8 жасымен құттықтаймыз!

Отбасымыздың төп-тәтті бүлдіршіні, көз қуанышымызды өмір есігін ашқан күнімен құттықтаймыз!
Қыран болып самғап, алыстарды көздеп, биіктерді бағындыратын үлкен азамат бол!
Ар аттама,
Иманыңды кірлетпе,
Жексұрын боп жеті атаңды тілдетпе.
Ары таза, арманы асқақ азамат,
Беленеді қошемет пен құрметке.
Құттықтаушылары: атасы Базар, папа-мамасы, бауырлары.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – УАҚЫТ КӨШІНЕ ІЛЕСУ

Елбасымыз Н.Ө.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауларының бірінде: «Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы көшенді жобалауды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастап қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманға ақпараттың тіліне айналдырады» деген болатын.

Біз латын әліпбиіне көшу барысында не ұтамыз, латын әліпбиі бізге не береді?

Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады: ең алдымен, тіл тазалығы мәселесі, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, латын әліпбиіне көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіргіуге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын кәріпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең. Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын өлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады.

Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты қушейтуіміз керек. Ол-табиғи іс. Сондай-ақ, бүгінде өлемнің ер түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы зор екенін атап көрсеткім келеді. Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Қуантарлығы бүгінде мектеп шәкірттері даярлық сынып, бастауыш сыныптардан-ақ ағылшынша үйренуде. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Әлеуметтік желілерде де

ағылшынша жазатын жастардың дені күннен-күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, ауқымы кеңіейе түсетініне сенімдімін. Сондықтан да, латын әліпбиіне көшуден қорқуға еш негіз жоқ деп ойлаймын.

Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» - деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Мысалы, медицинада, тарихи деректерде, көркем әдебиетте сізгімелер жиі кездеседі. Латын тілі ежелгі грек тілімен қатар бүгінгі күнде делін халықаралық терминдер жасаудың негізі ретінде алынып келеді. Қазіргі кезеңде де латын және грек тілдерінің түбір сөздері арқылы жаңадан пайда болған ұғымдарға терминдік сипаты бар атаулар беріледі. Осы ежелгі екі тілдің – латын және грек тілдерінің негізінде әлі күнге дейін медицина терминологиясы толықтырылып, ғылыми жаңалықтарға, дерлік жаңа препараттарға атаулар беріліп отыр. Латын тілінің негізін білмей медициналық білімді игеру мүмкін емес. Болашақ дәрігерлерді дайындау барысында латын тілін оқыту өте маңызды. Сол секілді, латын тілінен енген сөздердің мағынасын, түпнұсқасын білу де маңызды. Себебі оларға саналы түрде латын-грек тілінен шыққан медициналық терминдерді ұғынып, түсінуге мүмкіндік береді. Латын тілі пропедевтикалық пән болғанымен, медицина факультеттерінде оқылатын барлық пәндермен, тікелей байланысты. Цифрлы медицина латын тілінен басталады. Медицинада латын тілі анатомия мен фармакологияның халықаралық терминологиясы ретінде де, рецепт жазғанда да қолданылады. Латын тілін білу өртүрлі мемлекет дәрігерлерінің бір-бірін қиындықсыз түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың бәсекеге қабілетті елдер қатарына еніп, түркі және жаһандық өлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Айгүл МАЙЛЫБАЕВА,
Салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

ЖҰҚПАЛЫ ТЕРІ АУРУЛАРЫ



Дерматомикоз ауруы – адамдар мен жануарлар арасында кең таралған ортақ паразитарлық ауру. Дерматомикоздар – бұл таз ауруына өкпелі соқтыратын жұқпалы тері ауруы.

Адамдар мен жануарлар тікелей қарым-қатынаста жұқтыруы мүмкін.

Дерматомикоздарды кең таратушылар үйсіз, иесіз иттер мен мысықтар. Аурудың белгілері көбіне, денедің, бастың шаш бөлігінде, тырнақта пайда болуы мүмкін. Ауру біртіндеген қызғыш немесе қызарған дақтардың пайда болуынан басталып, одан өрі көптеген ошақтарға айналады. Ауру науқас адам немесе жануармен тікелей қарым-қатынаста болған жағдайда жұғады, сонымен қатар, науқас адамның заттарын (киім, бас киім, тарақ, қайшы, тәсек жабдықтары бойыншықтар) қолданған кезде жұғады. Ауру зертханалық тәсілмен анықталады. Аурудың өрбір түрінелген жағ-

дайында үй ошағында күнделікті дезинфекция жүргізілуі керек.

Дерматомикоз ауруымен ауыр-мау үшін не істеу керек немесе алдын алу шаралары:

· Жеке бас гигиена ережелерін сақтау (моншада жуынатын легендерді дезинфекциялау, отбасының өрбір мүшесінде жеке бас гигиенасына арналған заттардың болуы);

· Бассейндерде, моншаларда резеңке аяқ киімдерді пайдалану ;

· Қоғамдық орындарда болғаннан соң, қолды сабынмен мұқият жуу;

· Қаңғыбас иттермен қарым-қатынаста болмау;

· Үй жануарларын ветеринарлық дәрігерге уақытылы көрсетіп, жазетті екепелер алу;

Егер өзінiзде жоғарыда аталған белгiлердi байқасаңыз, дер кезiнде тiршiлiкiңiзге дерматолог дәрiгерге көрiнуiңiз қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Ә. ОРАЗБАЙ